

FTAXP 11.15.37

ЭОЖ 32.019.5

JEL A14

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-4-143-153>

Э.Б. АСЫЛТАЕВА,*¹

PhD, қауымдастырылған профессор.

*e-mail: e.assyltayeva@turana-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-8826-7751

¹«Тұран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДА АЗАМАТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОР

Андатпа

Бірегейліктің, оның ішінде азаматтық бірегейліктің әр елде өзіндік ерекшеліктері бар. Азаматтық бірегейліктің мазмұны, құрамдас бөліктері, индикаторлары қоғамның тұтастығын қамтамасыз етуде әртүрлі мәнге ие. Сондықтан мемлекет өз қоғамының азаматтық бірегейлігін қалыптастыру кезінде өзінің ішкі тарихи-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайын ескеруі керек. Бір мемлекеттің қоғамдастығында қалыптасқан азаматтық бірегейлік моделін екінші мемлекеттің қоғам бірлестігінде пайдалану өзінің тиімсіздігі мен нәтижеге жетпеуімен сипатталады. Мақалада азаматтық бірегейлік деңгейіне экономикалық фактордың әсері көрсетілді. Ол үшін әр жылдары жарық жүргізілген әдіснамалық тұрғыда негізделген жалпыхалықтық әлеуметтік сауалнамалардың қорытындылары мен сол зерттеу жүргізілген жылдардағы мемлекеттегі экономикалық өсімнің негізгі көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жүргізілді. Бүгінде елдегі экономикалық жағдай азаматтардың азаматтық бірегейлігіне айтарлықтай әсер етеді деген пікір кеңінен таралуда. Ондағы айқын байланыс экономикалық жағдайдың нашарлауының азаматтық бірегейлік деңгейінің төмендеуімен сәйкес келуі. Ұлттық экономиканың жағдайы азаматтық бірегейлікке әсер етуде маңызды рөл атқарады. Яғни, ғылымда экономикалық жағдайдың нашарлауы азаматтық бірегейліктің қалыптасуын баяулатады және азаматтықты қалыптастырмайды. Күрделі экономикалық жағдайлар азаматтық бірегейлікке теріс әсер етеді. Сондықтан елімізде азаматтардың көші-қонға байланысты ниеттері қалыптасуда. Бұл мәселенің алдын алу мақсатында бірінші кезекте елдегі экономикалық жағдайды түзету қажеттілігі анықталды. Шынында да, экономикалық, материалдық жағдайсыз азаматтарда азаматтық сезімі болмайды.

Тірек сөздер: ұлттық экономика, азаматтық бірегейлік, тұрақтылық, экономикалық фактор, экономикалық өсім, инфляция.

Кіріспе

Қазіргі таңда әлемдегі орын алып жатқан түрлі геосаяси жағдай мен пандемиядан кейінгі экономикалық жағдайдың нашарлануы азаматтардың жүріс-тұрысына, көңіл-күйі мен қоғамдық-саяси жағдайды қабылдауына әсер етпей қоймады. Осы орайда азаматтардың өздерінің мемлекетімен сәйкестендіру, өздерін қаншалықты деңгейде толыққанды азаматы ретінде сезінуі де азаматтардың бірегейлігінің трансформациясына алып келді. Қазақстан ғылымында бірегейлік ұғымы көп жағдайда ұлттық мемлекетті қалыптастыру, қоғамда саяси тұрақтылық орнату, жалпы ұлттық саясатты құру тұрғысынан зерттелініп келеді. Онда басты назар қоғамды ұйыстыру, бір саяси сипаттағы ұлтты қалыптастыру арқылы қоғамда тұрақтылық орнатуға аударылды. Осы бағытта атқарылған әр жұмыс пен мемлекет тарапынан жүргізіліп отырған саясат, шаралар өздерінің нәтижелерін берді деуге болады. Ұлт азаматтылық негізде құрылып елде татулықтың кілті болып келді.

Бірегейлік ұғымының адамның ішкі субъективті қырынан көбінесе көрініс табатынын ескерсек, халықтың санасында орын алып отырған түрлі процесстер үлкен кумулятивті әсерге ие. Яғни, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер азаматтардың санасы мен жүріс-тұрысына, мінез-құлқына тікелей немесе жанама түрде әсер етеді. Азаматтардың толыққанды азамат ретінде қоғам өміріне пассивті түрде қатысуы, экономика саласындағы қолайсыздықтар мемлекеттің қауіпсіздігі, тұрақтылығына ұзақ мерзімді әсер етуі мүмкін.

Дегенмен де қазіргі кезеңде азаматтық бірегейліктің белгілі бір сынақтан өтіп жатыр деуге болады. Бұл әлемде орын алып жатқан әр түрлі геосаяси жағдайларда көрініс тапқан дағдарыстың кезеңінде өзінің өзектілігінің артуымен сипатталады. Оның ішінде Covid-19 пандемиясының әсері мен Ресей мен Украина қақтығысы нәтижесіндегі әлемдік экономикалық тәртіптің, жағдайдың өзгеруі контекстінде азаматтық бірегейліктің деңгейін зерттеу өзекті болып табылады.

Мемлекеттің ішкі тұрақтылығын сақтауда қазіргі кезеңде азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мәселесіне басты назар аударылуы тиіс. Оның ішінде азаматтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының бірегейлікке тигізетін әсерін зерттеу өз бетінше үлкен міндетке айналуы тиіс. Өйткені, қазіргі кезеңде азаматтық бірегейліктің мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлануынан белгілі бір деңгейде өзгеруін байқауға болады. Бұл қоғам өміріне аз араласу немесе мемлекеттен басқа елге көшіп кету сияқты қалаулардың пайда болу немесе жиілеуі мысалында көруге болады. Экономикалық жағдай миграциялық көңіл-күйге әсерін ескеретін, болсақ елден көшіп кету шешімі азаматтық бірегейліктің төмендеуін көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Мақалада жүйелік талдау, тарихи-ретроспективті зерттеу әдістері пайдаланып, ғылыми жұмыстарға шолу жүргізілді. Сонымен қатар, тақырып бойынша ақпаратты жүйелеу мен жалпылау әдісі пайдаланылды. Сондай-ақ азаматтық бірегейліктің қалыптасуына тарихи-ретроспективті анализ жүргізілді. Қазақстанда азаматтық бірегейліктің қалыптасуының кезеңдері анықталды.

Эмпирикалық әдістердің ішінен азаматтық бірегейлікке экономикалық факторын анықтау мақсатында фокус-топтық зерттеу жүргізілді. Зерттеу 17 мен 25 жас аралығындағы жастардың ішінде 2022 жылдың қазан-қараша айларында жүргізілді. Фокус-топтық зерттеудің қатысушыларының саны 40 адамды құрады. Зерттеу 10 адамнан тұратын 4 топта жүргізілді. Қатысушылар А. Чуриковтың ұсынылған методикасы арқылы іріктелді [1]. Фокус-топтық зерттеу бірнеше кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде сұрақтар дайындалып, 2 сарапшының экспертизасынан өтті, екінші кезеңде қатысушылардың саны, құрамы анықталса, үшінші кезеңде зерттеу жұмыстары ұйымдастырылып, мақала автордың қатысуымен фокус-топтық интервью жүргізілді, соңғы кезеңде алынған жауаптарға транскрипт жүргізіліп, алынған мәтіндер арнайы кодировкадан өтті.

Сонымен қатар, Қазақстанда азаматтық бірегейлік пен экономикалық дамудың көрсеткіштерінің ара қатынасын анықтау мақсатында әр жылдарда жүргізілген методологиялық тұрғыда дәлелденген азаматтық бірегейліктің деңгейін анықтауға бағытталған әлеуметтік сауалнама нәтижелерін сол жылдардағы экономикалық дамудың көрсеткіштерімен сәйкестендіру арқылы талдау жүргізілді. Талдауға 1996 ж. мен 2014 ж. аралығында жарияланған зерттеулер алынды. Сауалнамалардың барлығы Қазақстан Республикасының азаматтары арасында жалпы халықтық деңгейде жүргізіліп, сауалнамаға қатысушылар репрезентативті іріктеме әдісі арқылы таңдалды.

Негізгі ережелер

Қазақстанда азаматтық бірегейлікті қалыптастыру тек қана қоғамдағы тұрақтылықты орнату, мемлекеттегі қаіпсіздікті сақтауда ғана маңызды емес. Азаматтық бірегейлік жаһандану жағдайында қоғамның бірегейлігін сақтауда, түрлі геосаяси жағдайда басқа мемлекеттің құндылықтарын қабылдауға қарсы тұра алуы, сол арқылы ұлттың сақталуы қажеттігімен сипатталады. Бұл контексте азаматтық бірегейліктің компоненттерін, оған әсер ететін факторларды зерттеген жұмыстар бар. Дегенмен де қазіргі таңда әлемдік экономикалық жағдайда азаматтық бірегейлікке әсер ететін әлеуметтік-экономикалық фактордың толыққанды зерттелмегендігін мойындау қажет.

Мақала тақырыбының өзектілігі қазіргі таңдағы экономика саласындағы бірқатар мәселердің көтерілуі мен оның салдары ретінде әлеуметтік мәселелердің өзектенуімен

түсіндіріледі. Соңғы жылдардағы инфляция деңгейінің өсуі азаматтардың күнделікті күнкөріс жағдайын төмендетіп, болашаққа деген аландаушылық тудырып отыр. Қазіргі таңда қандай ортаны алмасақ та, әр әлеуметтік топтарда мемлекеттегі экономикалық жағдай, оның ішінде халықтың әл-ауқатының жағдайы көп талқыға түсуде. Бұл өз кезегінде халық арасында болашағын Қазақстанмен байланыстыру ниетіне өзінің әсерін тигізеді.

Осы орайда азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда экономикалық жағдайды да ескерудің маңызы зор. Азаматтық бірегейліктің төмен деңгейінде қоғам әр түрлі ықпалдарға бейім болады.

Әдебиетке шолу

Қазіргі таңда азаматтық бірегейлікті зерттеуге бағытталған түрлі ғылыми ізденістер, еңбектер жарық көріп жатыр. Дегенмен де заманауи жаһандану кезегінде азаматтық бірегейліктің мазмұнын өзгертіп, аталмыш түсініктің басқа қырлары көрініс табууда. Әр мемлекетте азаматтық бірегейлік өзіндік интерпретацияға ие болып, құрамдас компоненттері мен индикаторларының әралуандығымен сипатталады. Ол әралуандылық көбінесе мемлекеттердің ішкі жағдайының, оның ішінде демографиялық, экономикалық, әлеуметтік, саяси жағдайдың ерекшеліктеріне тікелей тәуелді болады.

Жалпы бірегейлік термині әр түрлі ғылыми бағыттармен түсіндіріледі. Бұл осы түсініктің қоғамның барлық саласын қамтығандығымен сипатталады. Бірегейліктің өзі бір күйде қатып қалмай, әр кезеңде бірқатар өзгерістерді басынан кешіреді. Ол өзгерістер қоғамның әр саласындағы өзгерістерге де тікелей байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, бұл өзгерістер бірегейліктің трансформациялануына өз әсерін тигізіп, оған тигізетін факторлардың көбеюіне, олардың әсер ету тереңдігіне өзгерістер енгізіп отыр.

Азаматтық бірегейлік ұғымын түсіндірмес бұрын, бірегейлік ұғымына назар аудару қажет. Бірегейлік ұғымы ең алғаш батыс ғылымында зерттеу объектісіне айналып, қазіргі таңда ғылымның әр түрлі салаларында зерттелініп жүр. Бірегейліктің әралуын түрлері де пайда болуда. Соңғы жылдары экономикалық бірегейлік сияқты ұғымдардың да пайда болып жатқанын көруге болады.

Жалпы бірегейлік бұл адамның ішкі дүниетанымы, сыртқы ортамен өзін салыстыру, сәйкестендіру негізінде пайда болатын сезім, қабылдау. Бірегейлік ұғымын түсіндіруде көптеген ғалымдар «мен» және «олар» категорияларын көп қолданады. Яғни, бірегейлік бұл адамның басқа адамдардан өзгешеленетін қасиеттердің, сипаттамалардың негізінде пайда болады деп пайымдайды. Бірегейліктің қалыптасу үрдісі біраз жылдар бойы жүреді және бір түрден келесі түрге өтуі де көп уақытты талап етеді. Дегенмен де бірегейліктің иерархиясында бірегейліктің түрлері аз уақыт аралығында орын ауыстыруы мүмкін. Мысалы, отбасылық бірегейлік этностық бірегейліктен жоғары тұруы немесе белгілі бір себептермен орын ауыстыруы мүмкін. Бұл үрдіс көбінесе латентті түрде жүзеге асады.

Ғалымдар азаматтық бірегейлікті бір қауымның мүшесі ретінде өзін сезінумен тікелей байланысты деп есептеді. Осы орайда, азаматтық бірегейлік адамдардың өзін бір мемлекеттің өкілі ретінде сезінуін білдіреді. Бұл жерде ғалымдар тілдің, мекен ету ортаның, сол территорияда мекендеген халықтың тарихын, мәдениетін білу маңыздылығын атап өтеді. Олардың айтуынша, халық экожүйеде өзін бір ұлтпен біртұтас мүше ретінде сезінеді. Сонымен қатар, халықты сол мемлекеттің өміріне атсалысып, жетістіктеріне, дамуына үлесін тигізіп, мақтаныш сезіміне негізделген эмоциялар біріктіреді деп пайымдайды [2].

Бірегейлікті қоғам ойлап тапқан мәдени-тарихи координаттар жүйесі ретінде түсінуге болады. Ол өз кезегінде саясатқа және басқа факторларға байланысты өзгеруі немесе түзетілуі мүмкін [3].

Қазіргі таңда бірегейліктің мемлекеттегі ішкі экономикалық жағдайына тікелей байланысты болып келеді деген тұжырымдар соңғы кезде жиі айтыла бастады. Солардың бірі бірегейлікке деген қарым-қатынастың отбасындағы материалдық жағдайға байланысты болатындығын көрсетеді [4]. Отбасылық күйзеліс үлгісіне және кедейліктің когнитивті әсерлері туралы соңғы зерттеулерге сүйене отырып, көрсетілген мақалада отбасының материалдық жағдайлары отбасының экономикалық күйзелісі, отбасылық қаржылық қақтығыстар және ата-аналардың

мінез-құлқы арқылы жасөспірімдер арасындағы бірегейлікке қатысты ақпаратты қабылдау мен өндеумен байланысты екенін көрсетеді. Сонымен қатар, жаһандық саяси экономика және онымен тығыз байланысты жаһандану идеологиясы бірегейлену мен азаматтардың ұстанымдардағы өзгерістердің негізгі катализаторы екендігін көрсететін зерттеу жұмысы бар [5]. Кейбір ғалымдар ұлттық бірегейлік пен саяси және экономикалық даму модельдері арасындағы теориялық байланысты ұсынған [6]. Сонымен қатар, бірқатар ғалымдар экономикалық фрагментацияның (дағдылардың, кірістердің және білімдегі теңсіздіктің тереңдеуі) бір-біріне сәйкес келмейтін бірегейлікке әкеледі деген қорытындыға келеді [7].

Азаматтық бірегейліктің экономикалық мүдделер мен аймақтық экономикалық интеграцияға қатысты артықшылықтар арасындағы байланыс туралы зерттеулердің бар екенін де айтып өткен жөн [8]. Экономикалық факторлар мен ұлттық (азаматтық) бірегейлік арасында корреляция анықталған. Мысалы, Испания мемлекетінің мысалында ғалымдар экономикалық дағдарыстың бірегейлікке, оның ішінде азаматтық элементтердің салмағының төмендегенін дәлелдейді [9]. Экономикалық фактордың, оның ішінде 2008 жылғы экономикалық дағдарыстың Еуропаның бірқатар мемлекеттеріндегі азаматтық бірегейлікке тигізген әсері зерттелген. Зерттеушілердің айтуынша, жақсы экономикалық көрсеткіштер және халықтың әл-ауқатының өсуі елдегі ынтымақтастықтың саяси қауымдастығы ретінде нығайтады [10]. Экономикалық себептермен басқа елден қоныс аударған азаматтардың азаматтық бірегейлігі арасында да байланыстың бар екенін Ұлыбританиядағы сауалнама нәтижесінде көрсететін ғылыми еңбекті де атап өтуге болады. Ғалымдардың пайымдауынша, бастапқыда отбасылық себептермен немесе босқын ретінде көшіп келген иммигранттар экономикалық себептерге байланысты қоныс аударғандарға қарағанда қабылдаушы мемлекеттің бірегейлігін жиі мәлімдейді. Бұл алшақтықтың едәуір бөлігі иммигранттар топтарының ұлттық шығу тегі мен басқа да байқалатын сипаттамалары арасындағы айырмашылықтарға байланысты екенін баяндайды [11].

Украинаның әртүрлі аймақтарындағы украиндардың (азаматтық) бірегейлік деңгейі мен олардың экономикалық белсенділігінің қазіргі жағдайы арасындағы байланысты қарастыратын жұмыс өзіндік қызығушылық танытады. Украина халқының экономикалық белсенділігіндегі өзгерістер оның азаматтық бірегейлік деңгейінің өзгеруіне тигізетін әсері зерттелген. Украинаның бес аймағындағы халықтың әлеуметтік-демографиялық жағдайы экономикалық белсенділігінің көрсеткіштерімен салыстырылды. Нәтижелер бір елдегі адамдардың өмірдің әлеуметтік және экономикалық стандарттарын қаншалықты әртүрлі қабылдайтынын және олардың ұлттық бірегейлігінің негіздерін әртүрлі жолдармен қалыптастыратынын көрсетті. Бұл азаматтық бірегейлену процестеріне және аймақтық даму жолдарына баса назар аударуға әсер етеді, сонымен қатар азаматтық бірегейлену процестеріне экономикалық фактордың белгілі бір аймаққа қатысты тетіктерін анықтауға ықпалын көрсетеді [12].

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі таңда елімізде ұлтты қалыптастыру өзіндік модель арқылы жүзеге асырылып келеді. Бұл орайда ұлттық идея көбінесе азаматтық ұлт қалыптастыру идеясымен ұшталып келеді. Яғни бір ұлттың емес, барлық этнос өкілдерін қамтитын, азаматтылық негізде пайда болған ұлт қалыптастыру процесі жүзеге асуда. Бұл қоғамды біріктірудің батыстық идеясының басымы болғандығын көрсетеді. Дегенмен де, соңғы жылдары Қазақстанда қазақ этносының ұлт құраушы мәртебесін алға тартып келеді. Бірақ, азаматтық бірегейлік азаматтардың толыққанды Қазақстан Республикасының азаматы ретінде сезінуі мен белсенді қатысуы сияқты категориялармен түсіндіретін ғылыми жұмыстар аз емес. Осы орайда Қазақстанның азаматы болу анықтамасын кеңейтіп, азаматтық бірегейліктің мазмұнын ашу маңызға ие болуда.

Азаматтық бірегейлік соңғы онжылдықта ғылымда көп зерттеле бастады. Ғалымдар азаматтылықтың маңызды сипаттамаларын анықтауға тырысуда. Бұл кезекте азаматтық бірегейлік пен этностық, ұлттық бірегейлік арасындағы айырмашылықтарын және құрылымдық компоненттерін анықтау мәселесі алда тұрды. Соңғы кездері ғылыми дискурста азаматтық бірегейлікті басқа бірегейлік түрлерінен ажырату үшін түрлі әдістер талқыланып жатыр. Басты назар ұлттық бірегейлік, мемлекеттік бірегейлік пен азаматтық бірегейлік ұғымдарының арасындағы айырмашылықтарға аударылуда. Бірегейлікті анықтауда көптеген ғалымдар

ұжымдық құндылықтарға мән береді. Азаматтық бірегейлік үшін азаматтардың санасында тәуелсіз азамат ретінде өзін-өзі анықтауды қамтиды. Азаматтар бір ұйымның (мемлекеттің) мүшелері ретінде ортақ қоғамдық құндылықтармен және ортақ проблемалармен біріктіріледі. Этностық бірегейліктен айырмашылығы – азаматтық бірегейлік бір этностың ұлттық-мәдени компоненттерінен тұрмайды. Дегенмен де, ұлттық мемлекеттерде азаматтық бірегейлік ұлттық компоненттерді қамтуы мүмкін.

Бұл әр мемлекетте азаматтық бірегейліктің қалыптасу процесінің әрқилы болуын көрсетеді. Батыс мемлекеттері үшін азаматтық бірегейлік саяси мағынадағы ұлттың қалыптасуында басты рөл ойнайды. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында, сонымен қатар Батыс Европа мемлекеттерінің ғылымында азаматтық бірегейлік көп жағдайда ұлттық бірегейлік ұғымымен түсіндіріледі. Ұлтүстілік бірегейлік түрін қалыптастыру маңызды болып табылады. Этностық-қа қарағанда азаматтық компоненттер, яғни азамат ретінде қабылдау басым болады. Осы орайда әр мемлекет ұлтты ұйыстыратын бірегейлік түрін қалыптастыруға тырысады [13].

Қазақстанның мысалында қарастыратын болсақ, Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бастап өзін демократиялық мемлекет ретінде жариялап, барлық азаматтарға тең құқық пен мүмкіндіктер беріп, азаматтардың барлығына ортақ құндылықтар негізінде бірегейлік қалыптастыру туралы шешім қабылданды. Бұл орайда қоғамның ішінде тұтастылық пен тұрақтылықты орнату маңызды болды.

Ұлттық идея, ұлттық саясат салсында ізденіс үстінде жүрген қазақстандық ғалымдардың айтуынша, ұлттық және мемлекеттік бірегейлік жаһандану кезеңінде ұлттың біртұтастығын, ерекшелігін сақтауға, қауіп-қатерлерге төтеп бере алу мүмкіндігін береді. Олардың пайымдауынша, мемлекеттік (азаматтық) бірегейлік мемлекеттің дамуына, қоғамның, өркениеттің өсуіне септігін тигізеді [14, 3 б.].

Осы орайда жаһандану кезеңіндегі бірегейліктің көптүрлілігі орын алып, қоғамның тұтастығын орнату өзекті болып келеді. Бұл мемлекеттегі тұрақтылықты орнатуда маңызды орынға ие. Азаматтық бірегейлік көп жағдайда тұрақтылықты қамтамасыз етуші басты фактор ретінде қабылданады. Қазақстанда азаматтық бірегейлік қалыптасуының өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл бірінші кезекте азаматтық бірегейлікті құрайтын басқа мемлекеттерден өзгешеленетін өзіндік компоненттері мен құрамдас элементтерінің бар болуы.

Азаматтық бірегейліктің деңгейі қазіргі таңда қоғамның тұрақтылығын орнататын фактор ретінде тек қана ұлттық (саяси мағынада) ортақ құндылықтар мен патриоттыққа негізделген сезімнен ғана тәуелді болмай, елдегі мемлекеттің даму деңгейі мен әлеуметтік-экономикалық жағдайға да байланысты артып келеді. Осы орайда экономикалық дағдарыс жағдайында азаматтық бірегейлік үкімет тарапынан назар аударуды талап етеді. Өйткені, азаматтық бірегейліктің төмен деңгейі мемлекеттің тұрақты дамуына тікелей әсер етеді.

Азаматтық бірегейлікке экономикалық фактордың әсеріне тарихи тұрғыдан қарастыратын болсақ, кейбір мемлекеттердің мысалында азаматтардың материалдық жағдайы олардың қоғамдағы саяси өмірге, сонымен қатар өздерінің азаматтық бірегейлігіне әсер етуін көруге болады.

Мысалы, Канада мемлекеті. Канада экономикалық тұрғыдан дамыған мемлекеттер қатарына кіреді. Бұл мемлекеттің азаматтарының санасында этностық бірегейлік басым болып келді. Бұл этностық топтардың өкілдері арасында келіспеушіліктер және француз тілі мен ағылшын тілі арасындағы қақтығыстардың орын алғанын көруге болады. Дегенмен Канадада экономикалық жағдайдың жоғары болуы азаматтық бірегейліктің жоғары деңгейіне әкелді. Азаматтар өздерін көбінесе этностық бірегейліктен гөрі Канада азаматтары ретінде тану басым болып келеді. Қазір Канада халқының басқа мемлекеттерге күн көру мақсатында көшіп кету мысалдарының аз екенін байқауға болады.

Екінші мысал – Сингапур. Сингапур мемлекеті ұлттық идея құру жолында көп айтылатын алдыңғы қатардағы мемлекет ретінде танылады. Осы тұста ұлттық идеяны құру – Сингапурдың экономика саласындағы модернизация жүргізуден бастау алды. Азаматтардың санасында «экономикалық жетістік» сияқты құндылықтар сіңіріле бастады. Бұл орайда Сингапурдың экономикалық өсімі, халықтың әл-ауқатының өсуі ұлттық идея ретінде қоғамды біріктіруші күш ретінде қабылдана бастады.

Сондықтан Сингапурды азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың озық моделі ретінде қарастыруға болады. Өйткені Сингапур бір қырынан шығыстық құндылықтарды батыс құндылықтарымен ұштастырып, өзіндік ортақ құндылықтар идеологиясын дүниеге әкелді. Мұнда басты назар азаматтардың белсенділігіне аударылды. Мемлекетте қатаң әлеуметтік иерархия негізінде тәртіп орнатылып, азаматтардың құндылықтар жүйесі прагматикалық негіздерге сүйенді. Ол рухани-моральдық принциптерді, отбасылық құндылықтар, халықтық әртүрлілігіне деген толеранттылықты таныту сияқты құндылықтарға негізделді.

Сонымен қатар, Сингапур мемлекетінде азаматтық бірегейліктің қалыптасуына және дамуына мемлекеттік әлеуметтік саясаты үлкен рөл атқарды. Билік халықтың жағдайын жақсартуда экономикалық құралдарды жақсарту, тиімділігін арттыру арқылы қол жеткізді. Осы тұста халықты қолдау саясаты қолға алынып азаматтарды тұрғын-үймен қамту, әлеуметтік аз қамтылған топтарға көмек беру, денсаулық саласын жақсарту, жалақы мөлшерін көтеру сияқты шараларды жүзеге асырды. Осының негізінде азаматтардың мемлекеттік бірегейлігі нығайды, қоғам өзін мемлекетпен бірегейлеуге тырысты.

Ал Қазақстанда азаматтық бірегейлікке экономикалық фактордың әсерін анықтау мақсатында әр жылдарда жүргізілген методологиялық тұрғыда дәлелденген азаматтық бірегейліктің деңгейін анықтауға бағытталған әлеуметтік сауалнама нәтижелерін сол жылдардағы экономикалық дамудың көрсеткіштерімен сәйкестендіру арқылы талдау жүргізілді. Талдауда бірнеше ұйымдармен жүргізілген әлеуметтік зерттеулердің қорытындылары алынды. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеу институты, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Достық Үйі – Этносаралық қатынастар мәселелерін зерттеу орталығы», Қазақстан әлеуметтік-экономикалық ақпарат және болжам институтыны және т.б. жүргізілген сауалнама қорытындылары негізінде жасалынды. Зерттеулер 1996, 2004, 2009, 2010, 2013, 2014 жж. жүргізілді. Экономикалық өсім көрсеткіштері ресми статистикалық ұйымдардың мәліметтерінен алынды.

Кесте 1 – Азаматтық бірегейлік деңгейі мен экономикалық өсім көрсеткіштерінің арақатынасы

Кезең	Азаматтық бірегейліктің деңгейі (%)	Инфляция (%)	ЖІӨ өсу қарқыны (%)
1996 ж.	11	39,1	6,3
2004 ж.	44	6,9	12,6
2009 ж.	52,9	1,2	18,2
2010 ж.	46,2	7,3	19,5
2013 ж.	46,7	6	23,6
2014 ж.	57,1	4,3	24,7

Ескертпе: Әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері және ЖІӨ мен инфляция деңгейінің ресми көрсеткіштері негізінде құрастырылған.

Кестеде көрсетілгендей, азаматтық бірегейліктің деңгейі экономикалық өсім көрсеткіштерімен тығыз байланыста болатындығын байқауға болады. Азаматтық бірегейліктің бірегейлік иерархиясында басқа жылдармен салыстырған төмен деңгейі (11%) 1996 ж. тіркелген. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, осы жылы анықталған жағдайда инфляцияның да ең үлкен көрсеткіші (39,1%) анықталған. Және сәйкесінше азаматтық бірегейлік деңгейінің ең үлкен көрсеткіші (2009 ж. – 52,9%; 2014 ж. – 57,1%) тіркелген жылдары инфляция мөлшері аз деңгейде (2009 ж. – 1,2; 2014 ж. – 4,3) болғанын көруге болады.

Ал жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) қарқынының мөлшері азаматтық бірегейлік деңгейіне әсер етпейтінін немесе олардың арасында қатты байланыстың болмағанын көруге болады.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда азаматтық бірегейліктің төмен деңгейі кеңестік бірегейліктің азаматтардың санасында сақталуымен, толыққанды жойылмауымен түсіндіріледі. Бұл орайда азаматтар өздерін жаңадан әлемдік аренада тәуелсіз мемлекет ретінде пайда болған Қазақстан мемлекетімен толыққанды сәйкестендіру процесінің аяқталмағанын көруге болады. Бұл кезекте көптеген Қазақстан азаматтарының басқа мемлекеттерге қоныс аударуын да естен

шығармаған жөн. Азаматтардың арасында миграциялық көңіл-күй басым болды. Қоғамның арасында өздерінің болашақтарын Қазақстанмен байланыстырмайтын көңіл-күйлер орын алды. Сонымен қатар, 90-жылдардың басындағы КСРО-ның құлдырауынан кейін пайда болған экономикадағы мәселелер өз әсерін тигізді. Елде инфляция деңгейі өсті. Мемлекет өзінің экономикалық саясатын өздігінше жүргізуге қауқарсыз болды. Ғалымдардың айтуынша, елдегі экономиканың тек 6%-ы ғана биліктің қолында болды. Экономиканың 40%-дан астамы Ресейдің ықпалында болды [15].

Сапалы әдістің бірі болып табылатын фокус-топтық әдістің қорытындыларына келетін болсақ, қатысушылардың басым бөлігі (63%) азаматтық бірегейлікке халықтың материалдық жағдайының тікелей әсер ететінін айтты. Олардың айтуынша, «... қазіргі таңдағы халық күнделікті тіршілік ету мақсатында күйбең күн көріс көзіне өткен. Дүкендердегі күнделікті бағаның өсуі азаматтарға жоғарғы құндылықтарды, рухани баю, патриоттық сезімді күшейту сияқты ойларға кедергі болады».

Фокус-топтық зерттеу барысында азаматтық бірегейлікті сезінуде қазіргі таңда экономикалық фактордың басымдығын орыс тілді топта көп айтылғанын атап өтуге болады. Зерттеуде идентификация процесінде қарама-қайшылық тенденциялар орын алғандығы көрінді. Сонымен қатар жүргізілген зерттеу азаматтардың мемлекетке деген қарым-қатынасының жоғарғы көрсеткіштеріне, сонымен қатар отандық патриоттық бірегейлікке негізделі отырып, азаматтардың Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білуі және олар үшін азаматтық бірегейліктің маңызды болмауы азаматтардың саяси мәдениетінің төмендігі, өздерінің өміріне қанағаттанбауы көбінесе материалдық деңгейіне көңілі толмайтынын көрсетеді.

Дегенмен де, қатысушылардың 32%-ынан азаматтардың біржақтылыққа, яғни бір бірегейлікке бейім болуы олардың белгілі бір топқа жататындығына және оның сипаттамаларымен сәйкестендірілуіне байланысты екенін көруге болады. Бұл бейімділік әр түрлі адамдарда әр түрлі дәрежеде болатынын көрсетті.

Фокус-топтық зерттеудің қатысушыларына «Қазақстан азаматы ретінде өздеріңізді қаншалықты сезінесіз?» және «Қандай жағдайда елден көшіп кету сезімі пайда болады?» деген сұрақтар қойылған болатын. Зерттеуге қатысқан қатысушылардың 40%-ы Қазақстанда өздерінің болашаққа деген үміттерін көбірек ақша табу қабілетімен және аз дәрежеде мемлекет қолдауымен байланыстыратындығын атап өтті. Бұл жауаптарын Қазақстаннан ақша табу немесе оқу мақсатында кеткісі келетіндіктерімен түсіндірді. Дегенмен де, зерттеу жүргізу барысындағы бақылаудың нәтижесінде еліміздің азаматы ретінде сезінудегі экономикалық фактордың қазақ тілді топтарда аз айтылғаны анықталды. Қазақ тілді топтар үшін Қазақстан Республикасының азаматы болу бірінші кезекте қазақ тілін білу, қазақ мәдениетін, тарихын білу маңызды болса, орыс тілді топтар үшін Қазақстан Республикасының азаматы болу мемлекетіміздің заңдарын сақтау, елімізге пайда әкелу, оның ішінде салық төлеу сияқты жауаптар алынды. Орыс тілді топтарда қазақ ұлтының өкілдері болғанын да ескере кеткен жөн. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының азаматы болу рухани құндылықтардан гөрі прагматикалық ұстанымдар қазақ ұлтының азаматтарына тиесілі екенін көруге болады. Экономикалық мәртебе өз кезегінде адамдардың қоғамда өздерінің орны мен бірегейлік тобының мүшесі ретінде сезінуіне әсер етеді.

Елден көшіп кету ниетін көп жағдайда жұмыссыздық қауіпімен, парақорлықпен және еліміздегі экономикалық жағдайдың нашарлануымен түсіндіру басым. Сонымен қатар, әлеуметтік-экономикалық мәртебе қаржы мен тәжірибенің, білімге қол жетімділіктің және жалпы капиталға қол жетімділіктің немесе жалпы әлеуметтік-экономикалық сауаттылық пен хабардарлықтың күрделі жиынтығы екенін ескерсек, мемлекеттің толыққанды азаматы ретінде сезінуіне тікелей әсер ететінін көруге болады.

Фокус-топқа қатысушылар қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық саладағы өзгерістер, сонымен қатар пандемиядан кейінгі пайда болған мәселелер азаматтардың көңіл-күйлеріне едәуір әсер етті деп атайды. Бұл орайда адам қажеттілігінің төмен деңгейі, яғни материалдық жағдайын қамтамасыз етпей, патриотизм, отансүйгіштік, елдің болашағы туралы рухани ойларға бармайды дейді. Сондықтан азаматтық бірегейліктің төмен деңгейі орын алады деп есептейді.

Сол себепті мемлекеттің тұрақтылығын сақтауда азаматтық бірегейлікті нығайту, оның ішінде азаматтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына назар аудару маңызды.

Германияның ғалымы Д. Эшменттің Қазақстанда жүргізген зерттеуінде келтірілген сөзімен айтар болсақ, азаматтар өздерін мемлекетпен байланыстырмаса, бұл елдегі тұрақтылыққа кері әсерін тигізеді [16, 37 б.].

Қазақстан үшін қазіргі геосаяси жағдайда өзінің біртұтастығын сақтау маңызды болып есептеледі. Осы тұста экономиканы дамыту мен халықтың әл-ауқатын арттыру жолында жұмысты жетілдіріп, басты назар аударуы қажет деп есептейміз.

Батыстық зерттеушілер азаматтық бірегейліктің өз кезегінде экономиканы жақсартуға тікелей әсер етеді деп есептейді. Яғни, азамат елінің дамуы жолында белсенді еңбек етіп, мемлекеттің болашағы үшін жанашырлық танытып, қоғамның өсіп-өркендеуіне үлес қосады деп есептейді. Осы тұста либералды, демократиялық құндылықтардың да маңызды рөлге ие болатынын атап өткен жөн.

Азаматтардың санасында нарықтық экономиканың құндылықтарын да сіңіру маңызды. Қазіргі таңда қоғамда әлі де болса патерналистік көзастардың бар екенін байқауға болады. Азаматтар өздерінің құқықтары мен мүмкіндіктерін толыққанды пайдаланбайды. Бұл олардың пассивтілігін көрсетеді. Фокус-топтық зерттеуге қатысқан азаматтар өздерінің азаматтық позициясын нығайтуда ешқандай шара қолданбаймыз деп жауап берді. Бұл өз кезегінде үлкен көрсеткіш болып табылады. Бұл азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда мемлекеттің рөлінің зор екенін білдіреді. Яғни, Қазақстан мысалында азаматтық бірегейлік бірінші кезекте мемлекеттік билікке тікелей байланысты екенін көруге болады. Бұл орайда мемлекеттік бағдарламалар мен мемлекеттік институттардың жұмысын жетілдіру қажет деп есептейміз.

Қазақстанда бірегейлік ұғымын зерттеген ғалым А. Бейсенованың айтуынша, Қазақстан қазіргі таңда бірегейлікті қалыптастырудың жаңа сатысын бастап келеді. Бұл жолда мемлекет бірқатар мәселелермен кездесіп, оларды шешіп отырды. Мәселе дамуда емес, тірі қалуда тұрды. Бұл да азаматтық бірегейлікке әсер етті деп тұжырымдайды [16, 145 б.]. Бұл кезеңде азаматтардың санасында бірегейлік дағдарысы орын алды.

Қорытынды

Қазақстанда азаматтық бірегейліктің қалыптасу процесі өзіндік кезеңдерден тұрды. Ол кезеңдер елімізде түрлі әлеуметтік, экономикалық, саяси факторлардың әралуандығымен сипатталды.

Сонымен қатар, азаматтық бірегейліктің құрамдас компоненттері әр кезеңде өзгеріп отырғанын байқауға болады. Қазіргі кезеңдегі басымдық азаматтық бірегейліктің азаматтардың мемлекеттің толыққанды азаматы ретінде қабылдауына беріледі. Бұл тұрғыда азаматтардың құқықтары мен мемлекет тарапынан қорғалуы маңызды деп есептейміз. Қорғалу көптеген салаларды қамтиды. Ең бастысы азаматтардың экономикадағы өзгерістер, дағдарыстардың туындысы ретінде әлеуметтік проблемаларын шешу. Осы орайда азаматтық бірегейлікке тигізетін экономикалық фактордың өзекті болуын көруге болады. Бұл фокус-топқа қатысушы азаматтар тарапынан да айтылды. Сонымен қатар, әр жылдағы азаматтық бірегейлікке қатысты жүргізілген әлеуметтік зерттеулердің қорытындылары мен инфляция көрсеткіштерінің деңгейіне талдаудың негізінде инфляция көрсеткіші мен азаматтық бірегейлік деңгейінің арасында байланыстың бар екенін көруге болады.

Сондықтан азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда экономикалық фактордың да әсерін ескеру қажет. Азаматтардың әл-ауқатының төмендеуі, инфляцияның өсуі азаматтық бірегейліктің деңгейін төмендетеді. Бұл өз кезегінде миграциялық көңіл-күй мен саяси қатысудың, патриоттық сезімдердің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық жағдай, оның ішінде инфляцияның өсуі, жалпы ішкі өнім өсуі қарқының баяулауы азаматтық бірегейлікке кері әсерін тигізуде. Азаматтар өздерін осы елдің азаматы ретінде сезінуі өзгеруде, оның ішінде миграциялық көңіл-күйдің өзгеруін байқауға болады.

Әлемдік экономикалық дағдарыс нәтижесінде жүргізілген зерттеулер азаматтардың патриоттық сезімдерінің әлсіреуіне, жалпы азаматтылықтың, оның ішінде қоғамның саяси-экономикалық өміріне араласу деңгейін төмендеткенін көрсетеді.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Бұл мақала ҚР БҒМ ҒК-нің қаржыландыру аясында әзірленді (Грант AP15473374 «Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс жағдайында қазақстандықтардың азаматтық бірегейлігінің қалыптасу ерекшеліктері»).

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Чуриков А. Случайные и неслучайные выборки в социологических исследованиях // Социальная реальность. – 2007. – № 4. – С. 89–109.
- 2 Кисилев И.Ю., Смирнова А.Г. Формирование идентичности в российской провинции. – Москва: ИП РАН, 2001. – 1050 с.
- 3 Тишков В.А. Старые и новые идентичности. URL: http://valerytishkov.ru/cntnt/nauchnaya_/obrazy_rossii/starie-i-novie-i.html
- 4 Vosylis R., Erentaitė R., Klimstra T. The Material Context of Adolescent Identity Formation: A Family Economic Stress Approach // Identity, 2021, volume 21, issue 3.
- 5 Davies R. Afrikaners in the New South Africa: Identity Politics in a Globalised Economy // International Library of African Studies, 2009.
- 6 Shulman S. National Identity and Public Support for Political and Economic Reform in Ukraine // Slavic Review, 2015, vol. 64, no. 1.
- 7 Snower D., Bosworth S. Economic, social and political fragmentation: Linking knowledge-biased growth, identity, populism and protectionism // European journal of political economy, 2021.
- 8 Kwon H., Does E. National Identity Collide with Economic Interest? // Public Support for Northeast Asian Economic Integration in South Korea, 2010, no. 41.
- 9 Jimenez C., Portillo D. The Decline of the Spanish National Identity during the Economic Crisis Enriquez // Revista Espanola de investigaciones sociologicas, 2020, no. 170.
- 10 Jimenez A., Llinares N., Fuentesvilla E. National Identities in Troubled Times: Germany and Southern European Countries after the Great Recession // Genealogy, 2021, no. 5(2).
- 11 Campbell S., National identity among economic and non-economic immigrants // Review of economics of the household, 2019, no. 17(2).
- 12 Ovcharenko I., Semenenko I. National Identity and Economic Activity of Ukrainian Population: Relationship and Differences in the Regions // Contemporary economics, 2022, no. 16(1).
- 13 Берендеев М.В. Дискурс Европейской идентичности в условиях кризиса в ЕС // Вестник Балтийского федерального университета им. И. Канта, 2012. – № 12. – С. 146–154.
- 14 Казахстан в глобальном мире: вызовы и сохранение идентичности / Под. ред. А.Н. Нысанбаева. – Алматы: Институт философии и политологии КГ МОН РК, 2011. – 355 с.
- 15 Бейсенова Г.А. Проблемы глобализации и идентичности / Учебное пособие. – Алматы: Print-S, 2009. – 204 с.
- 16 Проблемы государственной и национальной идентичности в Казахстане / Под. общ. ред. Д. Сатпаева. – Алматы: Центральноазиатское агентство политических исследований Фонда им. Ф. Эберта в Казахстане, 2001. – 203 с.

REFERENCES

- 1 CHurikov A. (2007) Sluchajnye i nesluchajnye vyborki v sociologicheskikh issledovaniyah // Social'naya real'nost'. No. 4. P. 89–109. (In Russian).
- 2 Kisilev I.YU., Smirnova A.G. (2001) Formirovanie identichnosti v rossijskoj provincii. – Moskva: IP RAN, 1050 p. (In Russian).
- 3 Tishkov V.A. Starye i novye identichnosti. URL: http://valerytishkov.ru/cntnt/nauchnaya_/obrazy_rossii/starie-i-novie-i.html. (In Russian).
- 4 Vosylis R., Erentaitė R., Klimstra T. (2021) The Material Context of Adolescent Identity Formation: A Family Economic Stress Approach // Identity, volume 21, issue 3. (In English).

- 5 Davies R. (2009) Afrikaners in the New South Africa: Identity Politics in a Globalised Economy // International Library of African Studies. (In English).
- 6 Shulman S. (2015) National Identity and Public Support for Political and Economic Reform in Ukraine // Slavic Review. Vol. 64. No. 1. (In English).
- 7 Snower D., Bosworth S. (2021) Economic, social and political fragmentation: Linking knowledge-biased growth, identity, populism and protectionism // European journal of political economy. (In English).
- 8 Kwon H., Does E. (2010) National Identity Collide with Economic Interest? // Public Support for Northeast Asian Economic Integration in South Korea. No. 41. (In English).
- 9 Jimenez C., Portillo D. (2020) The Decline of the Spanish National Identity during the Economic Crisis Enriquez, // Revista Espanola de investigaciones sociologicas. No. 170. (In English).
- 10 Jimenez A., Llinares N., Fuentevilla E. (2021) National Identities in Troubled Times: Germany and Southern European Countries after the Great Recession // Genealogy. No. 5(2).
- 11 Campbell S. (2019) National identity among economic and non-economic immigrants // Review of economics of the household. No. 17(2). (In English).
- 12 Ovcharenko I., Semenenko I. (2022) National Identity and Economic Activity of Ukrainian Population: Relationship and Differences in the Regions // Contemporary economics. No. 16(1). (In Russian).
- 13 Berendeev M.V. (2012) Diskurs Evropejskoj identichnosti v usloviyah krizisa v ES // Vestnik Baltijskogo federal'nogo universiteta im.I.Kanta. No. 12. P. 146–154. (In Russian).
- 14 Kazahstan v global'nom mire: vyzovy i sohranenie identichnosti / Pod. red. A.N. Nysanbaeva. Almaty: Institut filosofii i politologii KG MON RK, 2011. 355 p. (In Russian).
- 15 Bejsenova G.A. (2009) Problemy globalizacii i identichnosti / Uchebnoe posobie, Almaty: Print-S, 204 p. (In Russian).
- 16 Problemy gosudarstvennoj i nacional'noj identichnosti v Kazahstane / Pod. obshch. red. D. Satpaeva. Almaty: Central'noaziatskoe agentstvo politicheskikh issledovanij Fonda im.Fridriha Eberta v Kazahstane, 2001. 203 p. (In Russian).

Э.Б. АСЫЛТАЕВА,*¹

PhD, ассоциированный профессор.

*e-mail: e.assyltayeva@turand.edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-8826-7751

¹Университет «Туран», г. Алматы, Казахстан

ЭКОНОМИЧЕСКИЙ ФАКТОР В ФОРМИРОВАНИИ ГРАЖДАНСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

Идентичность, в том числе гражданская идентичность, имеет свои особенности в каждой стране. Содержание, составные компоненты, индикаторы гражданской идентичности имеют разное значение в обеспечении целостности общества. Поэтому государство должно учитывать свое внутреннее историко-политическое, социально-экономическое положение при формировании гражданской идентичности своего общества. Использование модели гражданской идентичности, сложившейся в сообществе одного государства, в объединении общества другого государства не дает своей эффективности, результативности. В статье показано влияние экономического фактора на уровень гражданской идентичности. Для этого был проведен сравнительный анализ итогов всенародных социологических опросов, методологически обоснованных в разные годы, и основных показателей экономического роста в государстве за те годы, когда проводилось это исследование. В настоящее время растет мнение, что экономическая ситуация в стране оказывает существенное влияние на гражданскую идентичность граждан. Явная связь в ней выражается в том, что ухудшение экономической ситуации совпадает со снижением уровня гражданской идентичности. Состояние национальной экономики играет важную роль во влиянии на гражданскую идентичность. То есть в науке ухудшение экономической ситуации замедляет формирование гражданской идентичности и не формирует гражданственности. Сложные экономические условия негативно влияют на гражданскую идентичность. Поэтому в стране формируется миграционное намерение граждан. В целях профилактики данного вопроса в первую очередь наблюдается необходимость коррекции экономической ситуации в стране. Ведь без экономического, материального положения у граждан не возникает чувства гражданственности.

Ключевые слова: национальная экономика, гражданская идентичность, стабильность, экономический фактор, экономический рост, инфляция.

E.B. ASSYLTAJEVA,*¹

PhD, associate professor.

*e-mail: e.assyltayeva@turana-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-8826-7751

¹Turan University, Almaty, Kazakhstan

ECONOMIC FACTOR IN THE FORMATION OF CIVIC IDENTITY IN KAZAKHSTAN

Annotation

Identity, including civic identity, has its own characteristics in each country. The content, constituent components, indicators of civil identity have different significance in ensuring the integrity of society. Therefore, the state should take into account its internal historical, political, socio-economic situation in the formation of civil identity of its society. The use of the model of civil identity, developed in the community of one state, in the unification of society of another state does not give its effectiveness, efficiency. The article shows the influence of the economic factor on the level of civil identity. For this purpose, a comparative analysis of the results of nationwide sociological surveys, methodologically grounded in different years, and the main indicators of economic growth in the state for the years when this study was conducted, was conducted. Currently, there is a growing opinion that the economic situation in the country has a significant impact on the citizens' civic identity. A clear link in it is expressed in the fact that the deterioration of the economic situation coincides with a decrease in the level of civic identity. The state of national economy plays an important role in influencing civic identity. That is, in science the deterioration of the economic situation slows down the formation of civic identity and does not form citizenship. Difficult economic conditions have a negative impact on civic identity. Therefore, the migratory intention of citizenship is formed in the country. In order to prevent this issue in the first place there is a need to correct the economic situation in the country. After all, without economic, material situation citizens do not have a sense of citizenship.

Key words: national economy, civic identity, stability, economic factor, economic growth, inflation.